ARQALYQ habary

# Пандемия білім саласына кері әсерін тигізбеуі тиіс

**Әлемдік пандемия, төтенше жағдай, жалпыға міндетті карантин - барлығы білім беру жүйесінде маңызды шешімдер қабылдайтын үлкен өзгерістер тудырғаны белгілі.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырмасымен педагогикалық бағытта мамандар даярлайтын ЖОО мектеп оқушыларының білімін қалпына келтіру бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жоспарлар жасап, көмек қолын созу жұмыстары жүргізіле бастады. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында «Мектеп оқушыларының білімін қалпына келтіру жұмыстары бойынша кешенді іс-шаралар» жоспары Арқалық қаласы білім бөлімі мамандарына таныстырылып, берілген жұмыстар атқарылуда. Үлгерімі төмен оқушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында институт оқытушылары әр сенбі сайын 10-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында онлайн-кеңес сабақтар жүргізуде, яғни, қорытынды емтихандарға, ҰБТ-ға, таңдаған пәні бойынша білім деңгейін көтеруге, олимпиада тапсырмаларын орындауға көмек көрсетеді.

**С. ҚУАНЫШБАЕВ,**
**Арқалық педагогикалық институтының**
**Басқарма Төраға-Ректоры.**

ARQALYQ habary. - 2021. - № 12. – 2 сәуір - б. 3